



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Разработанный адаптивный обучающий курс был апробирован при проектировании содержания обучения по математике. В соответствии с разработанной учебной программы дисциплины «Математика» в электронный адаптивный курс было включено 24 тем, с упражнениями и тестами, аудио и видеофрагментами. Каждый студент изучал темы согласно своей индивидуальной траектории обучения, полностью реализуя адаптивную технологию обучения. Таким образом, можно сделать вывод, что внедрение адаптивных ресурсов в процесс обучения позволит увидеть новые возможности для развития образования, повысить интерес и познавательную активность учащихся, сделает урок более результативным. Перспективы дальнейшего исследования проблемы авторы видят в организации полномасштабного педагогического эксперимента, посвященного объективной оценке эффективности использования адаптивных технологий для учащихся, изучающих математические дисциплины.

Список литературы:

1. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 ноября 2018 года № 17669. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669/info>
2. Формирование информационной компетентности школьников на уроках математики Носкова Н.В., Хитрик А.М. // Вестник науки Костанайского социально-технического университета имени академика Зулхарнай Алдамжар 2014 // Педагогика
3. Герасимов С.В. Познавательная активность и понимание // Вопросы психологии. 1994. № 3. 14 –15 с.
4. Использование электронных образовательных ресурсов на уроках математики [Электронный ресурс]. URL: <https://multiurok.ru/blog/ispol-zovaniie-eliektronnykh-obrazovatiel-nykh-riesursov-na-urokakhmatiematiki.html> (дата обращения: 10.12.2021) Вестник педагогических наук 2022, №2
5. Кочеткова Т.О., Карнаухова О.А. Адаптивная образовательная стратегия обучения математике студентов в электронной среде // Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П.Астафьева 2018, вып.2, 50–56 с. DOI: 10.25146/1995-0861-2018-44-2-57
6. Вайнштейн Ю.В., Шершнева В.А., Есин Р.В., & Зыкова Т.В. (2017). Адаптация математического образовательного контента в электронных обучающих ресурсах. Открытое образование, 21(4), 4–12 с.
7. M. Lindner. “Use these tools, your mind will follow. Learning in immersive micromedia and microknowledge environments”, Proceeding of the 13th International Conference of the Association for Learning Technology, ALT-C 2006 (Edinburgh, United Kingdom, September 5–7, 2006), 41–49 pp. [URL]162.
8. Plario [Электронный ресурс]. URL: <https://plario.ru/>
9. Адаптивная математика[Электронный ресурс]. URL: <http://pircoscenter.ru/math>
10. Редакторы электронных курсов [Электронный ресурс]. URL:<https://lmslist.ru/redaktori-elektronnyh-kursov/>

ӨОЖ 373

«МӘН БЕРІП ОҚУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ ОҚЫРМАНҒА АЙНАЛДЫРУ

*Жолдасова Улжан Маханбетовна
қазақ әдебиеті бойынша ғылым магистрі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Н.Оңдасынов атындағы Түркістан
мамандандырылған мектеп-интернаты
Түркістан қаласы, Қазақстан
E-mail: uljan-74@mail.ru*

Аннотация

Мақалада «Мән беріп оқу» технологиясының ерекшелігі мен оның көркем мәтінді оқу, тану, талдау, бағалау сатыларындағы маңызы жайлы сөз қозғалады. Көркем мәтін қабаттарындағы астарлы ойды, сөздің көркемдік қуатын, кейіпкер мен автор қатынасын танудағы аталмыш технологияның рөлі нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Мақалада «Мән беріп оқу» технологиясының мектеп оқушысын оқырманға айналдырудағы тиімділігі сөз болады.

Кілт сөздер: көркем мәтін, «мән беріп оқу» технологиясы, оқушы, оқырман

Аннотация

В статье говорится об особенностях технологии «Смыслового чтения» и ее роли на этапах чтения, понимания, анализа и оценивания художественного текста. На конкретных примерах доказывается роль данной технологии в раскрытии подтекста, художественной силы слова и взаимоотношений между персонажем и автором. В статье говорится об эффективности технологии «Смыслового чтения» в превращении ученика в читателя.

Ключевые слова: художественный текст, технология «смыслового чтения», ученик, читатель

Annotation

The article talks about the features of the technology of "Semantic Reading" and its significance at the stages of reading, understanding, analysis and evaluation of a literary text. Using concrete examples, the role of this technology in revealing the subtext, the artistic power of the word and the relationship between the character and the author is proved. The article talks about the effectiveness of the technology of "Semantic Reading" in turning a student into a reader.

Key words: a literary text, the technology of «Semantic Reading», a student, a reader

Білім берудің жаңа үлгісі дәстүрлі оқытудың тиімді үлгілерін сақтай отырып, білім сапасын арттырудың заманауи әдістерін шебер қолдануды талап етіп отыр. Оқыту мен тәрбиелеуде білім беруді құндылыққа негіздей жүргізу өз тұғырын сақтап келеді. «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2012ж.) жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқу мақсаттары жүйесі арқылы білім алушыны тұлға деңгейіне көтеру міндетін белгіледі [1]. Әдеби білім беруде сіңірілген ізгілік қасиеті жалпыадамзаттық құндылықты бағалауға және оны сақтауға негіз болатыны сөзсіз.

5–9–сыныптар мен 10–11–сыныптарға арналған қазақ әдебиеті пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының (2013ж.; 2017ж.) басты бағытында «ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйрету» көзделсе, ал мақсаты ретінде креативті ойлауға бағыттау мәселесі қойылды [2]. Демек, білім алушы оқырман ғана емес, шығармашыл тұлға (автор) деңгейіне көтерілуі тиіс. Бұл міндеттің үдесінен шығу үшін мұғалімге де, оқушыға да қажырлы еңбек, жүйелі ізденіс керек. Себебі жаңа технологиялық жетістіктерді пайдалануға құштарлықартып, оқудан гөрі бейнежазбаны тамашалауға зейін ауып тұрған кезеңде өскелең ұрпақтың кітап оқуға ықылас танытуы қиын мәселе. Білім алушыны көркем мәтінге ынталы етпейінше, оның құндылыққа бағыттау ісі кемел бола алмайды. Әдеби білімнің негізін құрайтын көркем мәтінмен жұмыстың тиімділігін арттыру оқыту ісінің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ақпараттық–коммуникациялық құралдар адамның бір–бірімен байланысын жеңілдетіп, хабар алмасуды барынша жылдамдатты. Қоғамымыздың жас мүшелері де ақпараттың жазба мәтіндік, аудиомәтіндік, видеоформатты т.б. үлгілерімен жедел танысып, ақпаратқа сол сәтте баға беруге төселе бастады. Технологиялық ақпаратпен жұмыс үдерісінің тиімді жағы аз емес. Алайда әр түрлі стильдегі ақпараттың (бұқаралық–әлеуметтік, рухани, ресми, көркем т.б.) көлемі, мазмұны, пішіні, эстетикалық құндылығы түрлі деңгейде екендігін білеміз. Ақпараттың таралу қуатына орай мәліметтің өте шағын, барынша ықшамдалған үлгіде берілуі және оның толық игеріліп үлгермей жаңа дерекке ауысуы, жасөспірімнің зейіні мен ілтипатын, танып–пайымдау қабілетін бәсеңдетті. Оқушы жазбаша (мәтіндік) ақпараттан гөрі бейнелік (видео) өнімді қабылдауға жақын болды. Нәтижесінде мектеп оқушысының оқу бағдарламасындағы классикалық және заманауи көркем шығарманы оқып–талдауға ықыласы әлсіреді. Көркем мәтіндегі сөз бен ұғымның мәнін танып, оның астарлы табиғатын ашуға тіреу болатын ыждағаттылық пен байыптылық төмендеді. Мұның себебі кітап (көркем шығарма) оқудың жан қалауына көтерілмей, міндеттік деңгейде оқытылуына да байланысты.

Көркем мәтінмен жұмыста «Мән беріп оқу» атауымен («мән беріп оқу» термині профессор Ж. Дәулетбекованың қазақ тілі пәнін оқытудағы төл технологиясына сүйеніп алынды) ұсынып отырған әдістің тәжірибеде сынап байқағанымыздай оқушы бойында кітап оқуға құштарлықты оятып, оның мәтінді талдау дағдысын жетілдіріп, «автормен сұқбат» жасау (шығармашылық) деңгейіне көтеретініне көз жеткіздік.

Мән беріп оқу – көркем мәтінді оқудың «арифметикасы». Мұны меңгермейінше, күрделі әдеби ұғымдар ментеориялық заңдылықтарға бас қоюдың мәні жоқ. Алайда мектеп тәжірибесінде осы пікірдің ескеріле бермейтіні жасырын емес. Көркем мәтінмен жұмыста әрбір тыныс белгісіне, сөз бен сөз тіркесіне мән бере оқытудың маңызы зор. Осы арқылы оқушы оқып отырған мәтіннің мәніне бойлап, образды, астарлы көркем әлемді тануға ынтығады. Мұғалім оқушыны осы бағытта жұмыс жасауға дағдыландырса, оқушы үшін шығарманың көлемі де (кең көлемді, орта көлемді) кедергі болмайды. Көркем мәтінді оқу, талдау жұмысы әр сыныпта түрлі қарқынмен жүре отырып, нәтижесі де әрқилы болуы мүмкін.

«Мән беріп оқу» – сөз танымға жетік, зейіні берік, әдеби әуезге сергек оқырман қалыптастыратын күрделі жұмыс. Егер оқушы әр сөздің қолданысы мен одан туған мәнге бойлап, шығарма оқу үстінде өз сұрақтарына жауап іздеп, оны тауып, бойында төл дүниеге кезіккендей ризалық сезім пайда болса, ол оқу «шат оқуға» айналады. Ең бастысы, оқушы мұғалім ұсынған сұрақтардың жауабына емес, өз сұрақтарына жауап табуға мүмкіндік алады. Автормен пікірталасқа түседі. Әрине, бұл деңгейге бірден қол жеткізу қиын. Себебі дағды мен машық сатылай қалыптасады. Авторлық мәтіннің оқушы «меншігіне» айналуы – баяу жүретін, бірақ өте қызық үдеріс. «Мән беріп оқу» технологиясы – мәтін арқылы өз үніне құлақ түргізіп, өз ішіңе үңілдіріп, өзіңмен сырластыратыны оқу түрі. «Мән беріп оқу» – көркем мәтін мен оқушы арасына шек қоймайтын, табиғи үздіксіз үдеріс.

«Мән беріп оқу» – ойлануға, пайым жасауға, жазуға үйрететін үдеріс. Оқырманды жазушы болуға, ең болмағанда, өзін сол секілді сезінуге мүмкіндік тудыруға жол ашылады. Оқушы авторға ақырын ілесе, тәжірибесіне ене отырып, түйсігін жетілдіреді. Келесі абзацта өзін не күтіп тұрғанын

сезетін халге жетеді. Бұл – оқушының алғашқы шығармашылық табысы. Олай болса, «Мән беріп оқу» технологиясы көркем мәтінмен жұмыс барысында оқушының сезім–қиялын жетілдіріп, ой–танымын биіктетіп, саралап–пайымдау қабілетін күшейтеді. Мұндай жетістік оқушының тағы бір шығарманы оқуға деген ықыласын оятып қана қоймай, шығармашылық жұмыс жазуына да түрткі болатынына тәжірибеде көз жеткізіп келеміз.

Білім беруде ешқашан құнын жоймайтын шарттың бірі – ынтаны оятумен зейінді күшейту. Бұл шарттар орындалмай, оқушы жанында білімнің сақталуы қиын болады. Ы.Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық; Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» [3, б. 6] – деген жолдарды атақты өлеңінде бірнеше рет қайталайды. Егер ұлы ағартушы оқуғашақырып, оның ықылас арқылығана көңілге орныға алатынына итпаса, оқудың мәнісі толық ашылмас еді. Демек, ықылас дегеніміз білімнің асыл қақпасы болып шығады. Ал Абай ақынның «Ынталы жүрек сезген сөз; Бар тамырды қуалар» [4, б. 21] деген сөзінен ынтамен жасалған істің тез жойылмайтын дүниеге айналатынын аңғаруға болады. А.Байтұрсынов «баланың үйрену талабын қоздыру» [5, б. 324] ұғымын қолданады. Ғалымның пікірінше, осы жолмен баланың білімді өз күшімен–ақ алатын мүмкіндігін ашуға болады. Демек, ұстаздың мезгеп отырғаны – ықыласты ояту. Ж.Аймауытов ынтаны үлкен қуат деп көрсетіп, кез келген берекелі, жемісті істің тамырында ынтаны тартатын күш жатады дейді. «Бала оқыту жүзінде ынта деген нәрсенің білімді қылуға, жетілтуге мағынасы зор. Баланың ынтасы тартпаған мектеп абақтыға айналмақ» [6, б. 321] деген пікірі әдебиет сабағы үшін де алтын қағида болып шығады. Мағжан ақын «Педагогика» еңбегінің «Ақыл көріністері яки жанның білуі» бөлімінде «әсерлену» ұғымына мынадай түсінік береді: «Нерв системасы алып келген әсерді жанның ұғуы, аңдауы әсерлену деп аталады. Жан алдымен білімді осы әсерлену арқылы алады» [7, б. 123]. Олай болса, бүкіл білім, оның ішінде шығарма оқу да әсерленуден басталады. Қорыта келгенде, «ынта», «ықылас», «әсерлену» ұғымдары кез келген білімнің бастауында тұратын тірек шарттар болып шықпақ.

Ықыласпен оқылған шығармаға талдау жұмысын жүргізу мұғалімге жеңілдік тудырады. Оқушы әрбір сөздің мәні мен оның мәтіндегі қолданыс сырын ашқан сайын өзінің мүмкіндігіне көзі жетеді. Сенімі нығаяды. Сұрақтарға жауап тауып, автормен сырласу биігіне көтеріледі. Демек, оқушы «мән беріп оқудың» арқасында келесі шығарманы жан қалауымен оқитын еркін оқу деңгейіне жетеді. Оқушы оқырмандық дәрежеге көтерілген сайын әдеби талғамы артып, көркем мәтінге сыни көзқарасы қалыптасады. Үздік туынды мен әлсіз туындының айырмасын аңғарып, оқырмандық мәдениетке қол жеткізеді. Алғашқыда автор ойынайлесе, одан соң қатарласа келіп сұқбаттасуға, кейінірек өзінің шығармашылық мүмкіндігін байқап көруге ықыласы оянады. Көркем мәтіндегі астарлы ойды, символдар мәнін, жұмбақтар сырын ұғына келіп, шығарма жазудың құпиясына қаныға бастайды. Оқушының жазушылық шабыты оянады. Қорыта келгенде, әдебиет сабағында «Мән беріп оқу» технологиясы арқылы оқушының оқырманға, оқырманның авторға айналу үдерісін бақылауға мүмкіндік туады.

Педагогикалық тәжірибеде көркем мәтінмен жұмыстың өз деңгейінде жүргізілмеуі оқушының тұлғалық, азаматтық, шығармашылық болмысының қалыптасуына үлкен кедергі екендігін байқап жүрміз. Әдебиет пәнін оқытуға арналған ескі бағдарламада 7–11–сыныптарға ұсынылған шығармалар санының көптігі (көркем шығарманы мүмкіндігінше көп оқыту міндеті қойылған) мәтін мәніне бойлауға кедергі келтіргенірас. Жаңартылған оқу бағдарламасында оқылатын шығарманың саны кемітіліп, мәтінмен жұмыс жүргізуге жағдай жасалды. Соның нәтижесінде «Мән беріп оқу» технологиясының жетістігін тәжірибеде сынауға мүмкіндік туды.

Көркем мәтін – астарлы, образды, сұрағы мол, кең, әр тараптан ойлауды қажет ететін шығармашылық өнім. «Мән беріп оқу» технологиясының тәжірибеде байқалған жетістіктеріне мысал келтіріп көрелік. 7–сыныпта оқытылатын Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасы – көркем, көлемді, драматизмі терең шығармалардың бірі. Онда автор бейнесі, кейіпкердің ішкі тартысы өте күшті, толқымалы. Оны 7–сынып оқушысының бірден танып, бағалауы оңай емес. Сондықтан мәтінмен жұмыс жасаудың нәтижелі болуы үшін оқушыға жетелеуші сұрақтар дайындаудың маңызы зор. Поэмада мейлінше мән беруді қажет ететін жағдаят – Баянның өз бауырын атуға мәжбүр болуы және кейіпкердің (Баянның) өкініші. Бұл эпизодтар – поэманың ең шиеленіскен, күрделі кезеңі. Осы тұста оқушыға алдын–ала даярланған сұрақтар ұсынылады:

1. Батыр Баян Ноян бауырын қызғаныштан өлтірді ме, әлде қалмақ қызымен кетуге бел буған әрекетіне намыстанды ма?

2. Қалмақ қызын қазақ аулына алып келген кім еді?

3. Қалмақ қызынеліктен өз жоспарын іске асыру үшін Баянды емес, Ноянды таңдады?

4. Ноянның қалмақ қызымен кетуге келісуін жастықтан болған қателік деп санауға бола ма?

5. Қалмақ қызының өз туған жеріне жетсем деген арманын жөнсіз деп есептейсің бе?

6. Абылай ханның Баян батыр келмейінше, қалмаққа қарсы аттан бауының сыры неде?

Проблемалық жағдаятты түсінуге, оны жан–жақты, тереңірек ашуға мүмкіндік беретін сұрақтар арқылы оқушылар арасындағы талқылауды да, олардың аталған мәселеге қатысты жауаптарының да шынайы, дәлелді болуына қол жеткізуге болады. Мәселен, поэмадағы Баянның өз інісі Ноянды ататын тұсын бірнеше рет оқуға тура келеді. Мәтінді оқу барысында оқушы кейіпкер әлеміндегі жүрек

пен ақылдың алапат шайқасына тап болады. Ноянның шешіміне де, Баянның әрекетіне де біржақты баға беру тым ұшқарылық болар еді. Сондықтан оқушыларға төмендегі үзіндіні оқыта отырып, кейіпкер басындағы психологиялық ахуалды тануға, сезінуге жағдай тудыру қажет болады:

Тартқанда сынбадың ау, сұм садағым!

Қайтейін, арымадың, арда күшім!

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... Өлтірдім бе

Інімді алты алаштың намысы үшін?! [8, б. 144]

Үзіндідегі кейіпкердің өкініші, біткен іске тіреуіз деп аласұруы, екіұдай сезімнің тайталасы оқырманды айрықша толғандырады. Сондай-ақ кейіпкер басындағы халдің ақын болмысымен бітісіп кетуі де жауап іздеуді қажет етеді.

М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында да психологизм өте күшті. Мән беріп оқымаған жағдайда назардан тыс қалып қоятын мәселе баршылық. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында аққу секілді киелі құстың айдынды көлдегі бейбіт өмірі мен баласын өлім аузынан алып қалғысы келген ананың жанталасы параллель суреттеледі. Ана үшін бала да, аққу да қымбат. Ендігі сәтте анаға таңдау жасау қажет. Баланы аққудың қанымен ұшықтап, аман алып қалу, я болмаса, киелі құстың бейбіт өмірін жалғастыра беруін қалап, баланың өмірін Алланың құзырына қалдыру. Оқушының алдына осы екі мәселенің бар екендігінашық, анық қою керек. Бұл сабақтың өз мақсатына жетуі үшін «Ойталқы» әдісі өте тиімді болады деп есептейміз. Мәтінмен жұмыс бөлімі «Бастама», «Ұсынба», «Қыздырма», «Қорытпа» (терминдер А.Байтұрсыновтың жіктеуі бойынша алынды) деген бөлімдерге жіктеліп, оның әрқайсысына сай келетін поэманың үзінділері таңдалып, оқушы назарына ұсынылады. Мысалы:

Ұсынба бөлім сұрағы:

Бала жатыр төсекте күйіп–жанып,

Баласының ана отыр күйін бағып.

Қайдағы бір қатігез, сұрқай ойлар,

Миын қарып барады, миын қарып [9, б. 223] – деген жолдарда ананың басына келген ойды сіз қалай бағалар едіңіз?

Қыздырма бөлім сұрағы:

Ана отыр.

Озбыр ойлар қамалауда,

Қамалауда, әлдекім табалауда [9, б. 226] – деген жолдардағы «әлдекім» кім? «Әлдекімнің» ананы табалау себебі неде?– деген сұрақтарға мәтінмен тікелей жұмыс жасату арқылы оқушылардың ойына «шабуыл» жасап, ойларын ортаға салмасқа жол қалдырмау қажет. Сонда поэма мәтіні де, ондағы проблемалық жағдаят та оқушының есінен кетпей, әрдайым осы мәселе төңірегінде ойланып жүруіне ықпал етеді.

Заманауи шығарманы оқыту мен өткен ғасырлар туындысын оқыту бір емес. Классикалық шығармаларды оқыту, оны оқушының түсінуі – біршама қиын үдеріс. Олай болатын себебі– көркем мәтінде кездесетін көне сөздер мен оның мағынасын білудің, сол кезеңнің тарихи шындығынан хабардар болудың қажеттілігінде. Мәселен, М.Өтемісұлының өлеңдерінде көне сөздердің кездесу жиілігі жоғары, сондай-ақ кейбір тарихи мәліметтерді қосымша білуді талап ететін жағдай да бар. Сабақта өз бетімен жұмыс жасай алатын, зерттеушілік қабілеті бар оқушылардың ғылыми ізденісіне жол ашу да аса маңызды іс. Яғни оқушы мұғалім ұсынған тақырып аясында ізденіс жұмысын жүргізіп, оны сынып талқысына салып, қорғауға мүмкіндік алады. Бұл әдісті жеке оқушыға да, жұптық, топтық жұмыс ретінде де ұсынуға болады. Мәселен, Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» атты өлеңінде кездесетін көне сөздер мағынасын ашуға оқушыны талаптандыру Махамбет өлеңдерінің мазмұнын жете тани түсуге жол ашады.

Көркем мәтінге талдау жасау барысында оқушы шығарманы бірнеше рет оқуға, қайта айналып соғып отыруға, мәтіннің жекелеген абзацы, сөйлемдері мен сөз тіркестеріне, тыныс белгілеріне, т.б. үңілуге, кідіріс жасап, зер салуға, ойлануға мәжбүр болады. Соның нәтижесінде оқушы мәтіннің мәнін ұғып, күңгірт мәселелердің сырын танып, сұрақтарына жауап таба бастайды. Оқушы әрбір беймәлім дүниенің жұмбағын тапқанда шаттыққа бөленеді. Баланың да, ересек кісінің де бойында болатын осы бір сезім жайында Абай 32–қарасөзінде былай дейді: «...Оның үшін білім–ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил пайда болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады» [4, Абай]. Демек, бұл біздің мәтінге мән беру мен мәтіннен мән табу мақсатымыздың тірегі болып шығады. Оқуға ынтыға кіріскен оқушы білімге жетеді, жетістік сайын рахатқа бөленеді. Сол рахат сезім келесі шығарманы оқуға ынтық етеді. Нәтижесінде оқушыны оқырманға айналдырудың тиімді жолы осылай бастау алады.

Көркем мәтінді оқу – қабылдау – түсіну – қолдану – бағалау сатыларында түрлі әдістер мен жаттығуларды тиімді қолданған жағдайда мәтінмен жұмыстың деңгейін көтеруге мүмкіндік зор. Жоғарыда келтірген мысалдар «Мән беріп оқу» технологиясының әдебиет сабағындағы тиімділігіне

дәлел болады деп есептейміз. «Мән беріпоқу» технологиясының жетістігін төмендегіше түйіндеуге болады:

- зейін мен ынта күшейеді;
- кітап оқу міндеттеп оқудан еркін оқуға көтеріледі;
- әдеби талғам мен оқырмандық мәдениет қалыптасады;
- оқушы шығармашылық өнердің мәнін ұғады;
- оқушы өнер тудыру қуатына ие болады;

«Мән беріп оқу» технологиясын қолдану жетістігінен туатын «оқытуды өнер деңгейіне көтеру», «сапалы өзгеріске жол ашу», «пайдалы білім мен ізгі тәрбиенің бірлігі», «үйретуші мен үйренушінің оқу–оқыту мотивациясын күшейту» секілді әдістемелік ұғымдардың әдебиет сабақтары үшін тиімділігі тәжірибеде анық байқалып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080; 2016 жылғы «13» мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген)
2. 5–9–сыныптар мен 10–11–сыныптарға арналған қазақ әдебиеті пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ–ның 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 193–қосымша; 2017 жылғы 25 қазандағы № 545бұйрығына 3–қосымша; 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 174–қосымша)
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. Алматы: Жазушы, 1988. 320 б.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. Алматы: Жазушы, 2005. 336 б.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер). Алматы: «Ел–шежіре», 2013. Т. IV: 384 б.
7. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4–т. Алматы: Ғылым, 1998. 448 б.
8. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3–том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. Алматы: Жазушы, 2008. 232 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 1–том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. Алматы: Жазушы, 2002. 205 б.
10. Мақатаев М. Аманат: Жыр жинағы. Құраст. А.Алтай. Алматы: Атамұра, 200. 304 б.

ӨОЖ 378.02

ХИМИЯ САБАҒЫНДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Жумагулова Куралай Жумановна
химия пәнінің мұғалімі*

*Ы.Алтынсарин атындағы мектеп–гимназия–интернаты
Қостанай қаласы, Қазақстан
E–mail: Kuralay_gum@mail.ru*

Аңдатпа

Өзектілігі мен мақсаты: білім алушылардың қазіргі ақпараттық білім ресурстарына қол жеткізу. Мақалада химия сабақтарында сандық білім беру ресурстарын химия сабағында қолданудың тиімділігі қарастырылған. Білім беру үдерісіндегі жаңа ақпараттық технологияны қолданудағы басты мәселелердің бірі танымдық іс–әрекеттерді басқару үдерісінде интерактивті орта қалыптастыру аясында оқушылардың білім алуын қамтамасыз ету.

***Түйінді сөздер:** сандық, ресурс, ақпараттық технологиялар, әдістер жұмыс түрі, топқа бөлу.*

Аннотация

Актуальность и цель: доступ к актуальным информационно–образовательным ресурсам обучающихся. В статье рассматривается эффективность использования цифровых образовательных ресурсов на уроках химии. Одним из главных вопросов применения новых информационных технологий в образовательном процессе является обеспечение обучения учащихся в рамках формирования интерактивной среды в процессе управления познавательной деятельностью

***Ключевые слова:** цифровой ресурс, информационные технологии, метод, вид работы, деление на группы.*